

*«Қарағанды облысының балаларға арналған психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемесі» КММ. Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы*

## **Ақыл-ойы кем балалардың өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын дамытудың жолдары**

Ақыл-ойы кем балаларға өз-өзіне қызмет ету дағдысы қалыптасуы және дамуы жағынан күрделі үдеріс деп саналады, оларға ортада өз орындарын таба білетіндей етіп бағыт берген ересек адамдардың көмегі мен бағдары ерекше. Әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау министрлігінің нұсқауында келісілгендей, әлеуметтік қамту жүйесіндегі интернат үйлеріне ақыл-ойы орташа, ауыр және терең деңгейдегі балалар қабылданады.

ПМӨМ жағдайларында өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру мен дамытудың маңыздылығы зор. Ол келесі салаларды қамтиды:

- қоршаған әлем жайындағы танымдық түсініктерін кеңейту;
- баланың тілін дамыту;
- қарапайым санитарлық-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;
- өз-өзіне қарапайым қызмет көрсете алуға үйрету;
- жеке және ұжымдық ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру;
- балардың дене бітімін шынықтыру.

Бұл мақсаттар тәрбие жұмысының үрдісінде, күнделікті өмірде және балалармен жүргізілетін арнайы сабақ барысында жүзеге асуы тиіс.

Ақыл-ойы кем балалардың танымдық қабілеттерін дамытып, қоршаған ортаға бейімдеу барынша күрделі болғандықтан, оларға қарапайым тапсырмалар беріледі, сонда қызығушылығын арттатын немесе төмендейтін қимыл-қозғалыстарын бақылауға да болады.

Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру тәсілдерінің бірі күнделікті тұрмыстық өмірде жуыну, тамақтану, киіну сияқты әрекеттерді меңгерту қажет.

Біздің жұмысымызда өз-өзіне қызмет көрсетуді дамыту міндетін күнделікті жасалынатын әрекеттерден бастаймыз. Демек, балалар тамақтануға келгенде тиісті орнына отыруын бақылау керек. Тамақтану кезінде олардың тазалығына ерекше мән беріледі. Осы тұрмыстағы іс-әрекеттерді пайдалануда баланың орталық жүйке жүйесіндегі психологиялық функциялардың ерекшеліктеріне мән бергеніміз маңызды. Баланың құмарлықтарын көбінесе түрлі ойындар ойнату арқылы байқай отырамыз. Ол үшін тәрбиелік сабақтарда біз «Таза боламын», «Сиқырлы ойыншықтар», «Кімнің киімі?», «Құрастыру», «Екінші жұбын тап» сияқты ойындарды ойнатамыз, олар балалардың белсенділігін арттырады және икемділік дағдысының қалыптасуына жағымды әсер етеді. «Жеке бас тазалығы» тақырыбы бойынша балалар тазалық, көру, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, өзінің денсаулығын нығайтуға үйретеді. «Тамақтану» тақырыбы бойынша балалардың негізгі тағамдарды өздіктерімен ішіп-жеуге үйреткен әлдеқайда тиімді. Өзіне-өзі қызмет ету үшін «Киім-кешек», «Дене мүшелері», «Аяқ киімдер» тақырыптары бойынша сабақтар, ойындар жүргізіліп, балалардың қабілеттерін; ойлау, есте сақтауды дамытады. «Менің отбасым», «Мамандықтар» тақырыбында ақыл-ойы кем балалар отбасында, топта, қоғамдық жерлерде жеке қарым-қатынас құруға, әдептілік пен мәдениеттілікке тәрбиелейді.

Тәжірибелік жаттығулар алдымен ойыншықтардан басталады, біртіндеп олар түрлі формалар мен пішіндерге көшеді. Қолданыстағы жаттығулар келесі бірізділікпен өтеді:

- көрсету - дәл мен сияқты жаса. дұрыс істедің бе? салыстыр;
- талдап көрсеткендей ойда сақтап жасау - қарап, есіңе сақта, осылай жаса. салыстыр;
- нұсқау бойынша орындау - тәрбиеші айтып отырады, балалар жасайды;

Балаға берілген тапсырмаларды өз бетімен жасалуына ерекше қадағалау керек:

- керек затын бөлме, топ ішінен таңдап алу;
- бірдей, біркелкі заттарды бөліп көрсету;

- суреттегі заттардың жұптарын, сыңарларын табу;
- еркін түрде өз бетімен сурет салу, ермексазбен, құрастыру және жапсырумен айналысу.

Біз жұмысымызда оқытудың келесі негізгі әдіс-тәсілдерін қолдануын ұсынамыз: әңгімелесу, экскурсия, бақылау; дидактикалық ойындар; кино және диафильмдарды көру; компьютермен жұмыс істеу; берілген тақырып бойынша сюжетті дамыту, көрініс-мақсаттары, жағдайды қалыптастыру; жаттығулар, тренингтер және т.б.

Қорыта келсек, аталмыш жұмыстың арқасында кешенділік қағидасы да сақталады. Балалардың коммуникативтік құзыреттілігі дамиды, ұсақ қол және ірі моториканың жетілуіне оңтайлы ықпал етіледі. Сонымен қатар, қабылдау, есте сақтау, елестету, мән беру, қиял, көрнекі және образдық ойлау формаларының қалыптасына нақты негіз беріледі. Жұмыс барысында біз балалардың нұсқауды мұқият тыңдау және орындау мүмкіндіктеріне ерекше мән береміз, өйткені ол тапсырманың дұрыс орындалуын қамтамасыз етеді. Берілген функциялар емдік дене шынығу, логопед және дефектолог сабақтарында бекітіледі. Сондықтан, мамандар арасындағы өзара әрекеттесу факторы кем-ақыл балалардың өз-өзіне қызмет көрсету қабілеттеріне жол ашады десек артық болмас.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Рүстемова Г. Ақыл-ойы артта қалған балаларға психологиялық-педагогикалық сипаттама. ҚР. Дефектология . – 2011.- 13-15б.
2. Тебенова Қ.С., Рымханова А.Р. Арнайы психология. – 2011. – 16б.